

## Ғылыми жетекшінің

**6D070400 – Есептеу техникасы және программалық қамтамасыз ету мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесіне үміткер, Жекамбаева М.Н. «Ақпараттық ресурстардың қауіпсіздік қатерін бағалау мен анализдеу әдістері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

## ПІКІР

Жекамбаева Майгүл Несіпалдықызының диссертациялық жұмысы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде орындалды. Докторантурада оқу барысында Жекамбаева М.Н. жұмыс оқу жоспарына сай барлық тапсырмаларды уақытылы орындады. Барлық емтихандарды ойдағыдай тапсырды және аталған тақырып бойынша көптеген мақалалар жарық көрді. Жекамбаева М.Н. өзін белсенді зерттеуші ретінде көрсете білді. Оған қоса Халықаралық, Қазақстандық және ЖОО аралық конференциялардың белсенді қатысушысы болды. Эксперименталды зерттеулер жүргізу барысында Жекамбаева М.Н. табандылық және ұқыптылық таныта білді.

Жекамбаева М.Н. зерттеген тақырып біздің уақытта өзекті болып табылады, өткені кәсіпорындардағы IT-инфрақұрылымның қарқынды дамуы ақпараттық ресурстардың қауіп-қатерлері мен әлсіздіктері санының бақыланбайтындай өсуіне әкеп соғады. Мұндай жағдайларда қауіпті бағалау мен анализдеу қорғау объектісінің ақпараттық қауіпсіздік менеджменті мен қауіптерін басқару жүйесін жасаудағы қажетті шарт болып табылды.

Көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда да, мұндай статистиканы тіркеу мен қолдануға қатысты мемлекеттік амал-құралдар жоқ. Бұл өз кезегінде ұлттық қолдану үшін бар болған ҚБАҚ-ы мүмкіндігін шектейді. Сонымен, қатар, қолданылып жатқан параметрлердің жиынтығына мұндай амалдар белгілі бір шектеулерге ие болады, сондықтан бұл өз кезегінде олардың икемділігін төмендетеді яғни кеңірек спектр шамасын бағалау үшін олардың қолдануына мүмкіндік береді. Сонымен, бірге уақыт мерзімін, саласын, кәсіпорының экономикалық ерекшелігін және тағы басқасын есепке ала отырып жасалған, төмен нысандандырылған, айқын емес анықталған ортада жасалған статистикалық мәліметтер негізінде де, сараптау бағасы негізінде де, АҚАу ҚБАҚ қолдану кезінде икемділігін жасауға мүмкіндік беретін әдістер мен құралдарды зерттеу, өндеп шығару қажеттілігі ғылыми зерттелетін тақырыптың мақсаты мен міндетін айқындайды.

Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде қатермен байланысты базалық түсініктер зерттеледі және анализденеді. Жүргізілген анализ қатер түсінігінің әр түрлі берілуі жалпы сипаттамалық жиынтыққа ие екендігін көрсетті.

Ақпараттық қауіпсіздік саласында бейнеленген қатерді базалық сипаттамаларын біріктіріп қолдануға арналған диссертациялық жұмыстың екінші тарауында олардың m-компоненттелген базалық кортежді модель түрінде беру ұсынылды. Бағалаудың екі әдісі ұсынылады – детерминдельген орта үшін FirstM және нақты емес төмен нысандандырылған орта үшін SecondM.

Жұмыстың үшінші тарауында қатердің базалық сипаттамасының кортежді моделі өңделген әдістерін, сонымен бірге логикалық-лингвистикалық тәсілдерді қолдану арқылы ақпараттық қауіпсіздік қатерін бағалау мен анализдеу жүйелерін синтездеу әдіснамасы сипатталды.

Жұмыстың басты артықшылығы қатер түсінігінің анализі жүргізілді және қордың кортежді моделі өңделді, ұсынылған модельді қолдану арқылы қатерді бағалау мен анализдеу құралдарын зерттеу жүргізілді. АҚау қатерлерін бағалау мен анализдеудің екі әдісі ұсынылды, ЛА термдер санының n-еселі инкременттелген әдісінің екі нұсқасы берілді, First-ҚБАҚ мен Second-ҚБАҚ жүйелерінің құрылымдық шешімдері мен АҚау қатерді бағалау мен анализдеудің синтезді жүйесінің әдіснамасы өңделген, ұсынылған әдіснамалар мен құрылымдық шешімдер негізінде программалық ҚБАҚ өңделді, сонымен бірге, осы жүйеледің экспериментальды зерттелуі жүргізілді.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша 16 ғылыми жұмыс жарияланған, оның ішінде 5-ҚР БЖҒМ ғылыми баспаларда, 1-Scopus базасына кіретін журнал, 10-халықаралық конференцияларда, оның ішінде 5-шет елдегі конференция, 1-тезис.

Жекамбаева М.Н. орындаған диссертациялық жұмыста зерттеудің теориялық маңыздылығы мен экспериментальды зерттеулер нәтижелерінің тәжірибелік қолданылуы ұтымды қосылған.

Аталған диссертациялық жұмыс толық аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің докторлық диссертацияларға қойылатын барлық талаптарына сай орындалған. Жұмыстың мазмұны және квалификациясы Жекамбаева М.Н. PhD философия докторы дәрежесіне лайықты.

Жекамбаева М.Н. диссертациялық жұмысы 6D070400 – «Есептеу техникасы және программалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша арнайы Кеңесте қорғауға ұсынылады.

**Ғылыми кеңесші**  
**Ақпараттық қауіпсіздік**  
**кафедрасының профессоры, т.ғ.д.**



**Ахметов Б.С.**